

KUN TARTIBI

**МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ
ОРЫНДАЛЫСЫ**

3-бет

AINA

**ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ТАЛҚЫЛАНДЫ**

4-бет

TARİH

**ЖОШЫ ХАН
ҚҰПИЯСЫ**

8-бет

DENSAŪLYQ

**«ЛУЧ» – АЛҒЫС
АРҚАЛАҒАН ОРТАЛЫҚ**

12-бет

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

ҚАЛА БАТЫСҚА ҚАРАЙ ЖАЛҒАСАДЫ

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының шапағатымен Жезқазғанда кейінгі жылдарда тұрғын үй құрылысының қарқын ала бастағаны туралы газетімізде жүйелі жазылып келеді. Сонымен қоса, Өңірді дамытудың Кешенді жоспарына сай қаланың қайнаған құрылыс алаңына айналып отырғанын да айрықша атап өтуге болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында бірыңғай тұрғын үй саясатын қалыптастырып, тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру қажеттігін алға қойды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға және өңір тұрғындарының өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге ауқымды қаржы бөлуді тапсырды. Осыған орай, қаламызда тұрғын үй құрылысы қанат жайып, коммуналдық шаруашылықтың түйінді проблемасы ауыз су, жылу, көріз құбырларын жаңарту жөніндегі жобалар сәтмен жүзеге асырылуда. Бір айтарлығы, әкімдіктің құрылыс бөлімі қаладағы 2020-2024 жылдарға арналған құрылыс жұмыстарының жоспарын қазірден бастап белгілеп, оны жүзеге асырудың тетіктерімен жүйелі айналысуда. Бас жоспарға сәйкес енді қаланың Батыс ауданында бой көтерген көпқабатты үйлердің қатары жалғаса түспекші.



Жезқазғанда біраз уақыт тоқырап қалған тұрғын үй құрылысы 2018 жылдан бастап жақсы қарқын ала бастағанын айтуға болады. Мәселен, өткен жылдың қорытындысында 2017 жылмен салыстырғанда құрылыс-монтаждау жұмыстары 9,8 млрд теңгеге орындалып, көрсеткіш 30,3%-ға өскені осыны аңғартады. Қаржыландырудың барлық көздерін есепке алғанда бұл жылы 17 мың шаршы метрден асатын баспана салынған. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген Сәтбаев көшесі 70 Б мекенжайында орналасқан төрт қабатты 36 пәтерлік жалдамалы үйге әкімдікте кезекте тұрғандар қоныстанса, Тагарин көшесі 70/4 мекенжайындағы бес қабатты 30 пәтерлік несиелік үй тұрғын үй жинақ банкісінің салымшыларына кезек бойынша берілді. Мемлекет басшысы Халыққа арнаған Жолдауында тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты міндеттерге байланысты: «Жеке бизнесті осы жұмыстарға тарту үшін жаңа шаралар қабылдап, мемлекет пен жекеменшік әріптестік тетіктерін жұмылдырған жөн» деп атап көрсеткен болатын. Жезқазғанда осы бағыттағы бастама өткен жылдан бастап қолға алынды.

►► 3-бетте

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛҒАН

«Қазақтану» жобасы аясында республикалық лекторий өтті



Мысты шаһар төрінде Қазақстан Халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына сәйкес 2019-2021 жылдарға арналған «Қазақтану» жобасын іске асыру мақсатында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған республикалық лекторий өтті.



Қарағанды облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының білім меценаты, тарих ғылымдарының кандидаты Бекзат Алтынбековтің жетекшілігімен ұйымдастырылған лекторийге қоғам қайраткері, Қызылорда облысы Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сәби Аңсат, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі Төлеуғали Берібаев, «Saryarqa Arpaғa» ЖШС директоры Олжас Беркімбаев, «Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Батырхан Жұмабаев, «Ұлағат»

мәдениет және даму қорының атқарушы директоры Қажаман Жұмақасова, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2018» атағының иегері Жазира Исаева, профессор, академик, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі Қазбек Қазенов, Қарағанды облысы әкімшілік аппараты жанындағы Қоғамдық келісім мемлекеттік мекемесінің директоры Ерлан Құсайынов, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Фазиз Ештанәев және Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қонақ болды.

►► 3-бетте

МИЛЛИОН – ЗАРИНАДА

Қаламызда нәсібін кәсіптен таппаққа ниетті жастарға қолдау көрсетіп, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясатының жастар бастамалары бағытындағы инновациялық бизнес жобаларды дайындау және оларды жүзеге асыру жұмыстарына серпін беру, сол арқылы Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етуді мақсат еткен «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсының жеңімпаздары анықталды.

Жезқазған қаласы мемлекеттік органдарының, бизнес-құрылымдардың және қалалық депутаттық корпс өкілдерінен құрылған арнайы комиссия қаралымына 17 жоба ұсынылды. «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсына қатысқан жастардың идеялары да алуан түрлі. Мысалы, Айжан Әбдікерім мерекелік іс-шараларды бөзөндіру орталығын ашуға ниет білдірсе, Айдос Бапан он адамды жұмыспен қамтитын «ақылды айналармен» жабдықталған сұлулық салонын ашу жобасын ұсынған. Ал, Маржан Берік қаламызда кір жуатын мекеме ашып, қонақүйлермен әріптестік байланыс орнатқысы келеді. Барлық тұрмысқа қажетті дүниелерді ғаламтор желісі арқылы табуға болатын «Сis.kz» сауда алаңын ойлап тапқан Вячеслав Бурмистров пен Көңгір елді-мекенінде білім орталығын ашқысы келетін Кристина Гуляева да бизнес жобасы мақтауға тұрарлық. Ал Жандәулет Есенбаев тұтынушыны көпкітен шығармай-ақ, керегін алдына апарып беретін мини-кафе ашуды, Ғалымжан Хамидолинов «Manhattan» кофейнясын ашуды жоспарлаған.

►► 3-бетте



АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ



СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ



Әкімшілік әділет құрылымын енгізу



Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны шұғыл түрде қатайту



Нормативтік құқықтық актілерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сарпайма жүргізу ісін қайта қалпына келтіру



Сыйбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу



2020 жылдың аяғына дейін Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру. Ішкі істер министрлігін реформалауға ағдағы үш жыл ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді. Азаматтық қорғаныс саласы қызметкерлерінің әнбеларысын көбейтуге 40 миллиард теңге бөлінген.

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.



Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

SARYARQA-АҚПАРАТ

ЕЛБАСЫ ЖОҒАРҒЫ СӨТ ТӨРАҒАСЫ ЖАҚЫП АСАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Кездесу барысында соттар мен жалпы сот жүйесін реформалау нәтижелері талқыланды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті заң үстемдігін қамтамасыз ету және халықтың сотқа деген сенімін арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. – Жасалып жатқан жұмыстың бағыты дұрыс. Бүгінгі таңда судьялар алдында күрделі міндеттер тұр. Халық әділдік іздеп сотқа жүгінеді. Ең бастысы – сот әділдігін қамтамасыз ету. Барлығы заң аясында болуы шарт, – деді Елбасы.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЕЛОРДАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы инновациялық экожүйе нысандарымен танысты, деп хабарлайды ҚазАқпарат Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Алем» бағдарламалау мектебіне, Халықаралық «Astana hub» IT-стартаптар технопаркіне және «Astana IT University» ақпараттық технологиялар университетіне барды. Бұл нысандардың бәрі «Астана ЭКСПО-2017» аумағында орналасқан. Қазақстан Президенті «Алем» мектебінің оқыту бағдарламасымен танысты. Оқушылармен әңгімелесу барысында ол әлемде IT саласының өзектілігі мен сұранысқа ие екенін атап өтті.

– Қазақстанның мақсаты – әлемдік үрдістен қалып қоймау. Ең бастысы, заман ағымымен жүріп отыруымыз керек, әйтпесе біз әлемдік даму үдерісін сырт қаламыз. Біз жастарды осындай дағдыларға баулып, аталған салаға көптеп тартуымыз керек. Білім алуға ұмтылатын өте қабілетті жастарымыз жеткілікті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА КАНАДАЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАР ШАҚЫРЫЛДЫ

Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев сейсенбіде Канада премьер-министрінің ЕО және Еуропадағы арнайы уәкілі – Канаданың Германиядағы елшісі Стефан Дионмен кездесті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат министрліктің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Тараптар кездесу барысында Қазақстан мен Канада арасындағы екіжақты экономикалық байланыстарды дамыту мәселесін атап өтіп, сондай-ақ бірлескен бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндігін талқылады. Атап айтқанда, М. Мырзағалиев ынтымақтастықты жандандыру үшін басым салалардың қатарында геологиялық барлауды атап көрсетіп, канадалық инвесторларды Қазақстанға шақырды. «Қазақстанда геология саласында біршама перспективалық жобалар бар. Біз оларды таныстыруға, осы саладағы бірлескен ынтымақтастыққа бейбіміз», – деді министр. Ол Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен инвестиция тарту, сондай-ақ геологиялық барлаудағы инвесторларға қолдау жасау мақсатымен шетелдік және жергілікті инвесторлардан тұратын «InvestorsOne-stop-shop» жұмыс тобы құрылғанын еске салды. Бұдан басқа, Қазақстан, бірқатар әлемдік сарапшылардың пікірінше, геологиялық барлауда және тұтастай алғанда, тау-кен-металлургиялық кешенде инвестициялық тартымдылықты жақсартуда өршіл қадамдар жасады.

Сондай-ақ, кездесуге қатысушылар климатты өзгерту мәселесін, ғаламдық жылынумен күрес әдістерін талқылады. Экология министрлігі басшысы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Париж келісімін орындау жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін стратегияны және экономиканы дамытудың неғұрлым қолайлы сценарийін әзірлеуді жоспарлап отырғанын хабарлады.

ЕЛОРДАДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Елордадағы «Rixos President Astana» Стратегиялық бастамалар форумы өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

CSI сарапшылары, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың басшылары, қоғам және саясат қайраткерлері, экономистер қатысқан форум барысында ел дамуының өзекті мәселелері, жаңа «есім нүктелерін» табу жайттары өгжей-тегжейлі талқыға түсті. Форумның түске дейінгі екі сессиясы барысында сарапшылар жаңа экономикалық саясат пен банк секторына қатысты ойлармен бөлісті. Ал түстен кейінгі үшінші сессияда CSI Ербол Төлегенов «Зейнетақы реформасы. Сингапур моделі» тақырыбында баяндама жасап, аталған модельдің басым тұстарына тоқталды. Пікірталас барысында дәл осы тақырыпқа қатысты Мәжіліс депутаты Нұржан Әлтаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәді Сарбасов, «Биринғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ басқармасының төрағасы Жанат Құрманов, қоғам қайраткері Мұрат Әбенов ойын ортаға салды.

ҚАРАҒАНДЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНДАЛУДА

Қарағандыда 2020 жылы өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша әлем чемпионаты өтеді. Жарыс 31 тамыздан 6 қыркүйекке дейін өтеді. Әлемнің 20-дан астам елінен 400-ден астам спортшы мен делегат қатысады деп күтілуде.

Әлемдік біріншілікке дайындық басталды. Ұйымдастырушылық мәселелерін талқылау үшін Қарағандыда Халықаралық спорт федерациясының өрт сөндірушілер мен құтқарушылар конференциясы ұйымдастырылды. Кездесуге Австрия, Беларусь, Ресей, Латвия, Сенегал, Өзбекстан және т.б. 16 мемлекеттің өкілдері келді. – Қазақстан Ресей Федерациясынан өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша әлем чемпионатын өткізу эстафетасын қабылдағанын білесіздер. Биыл жарыс Саратовта өткізілді. Қарағандыда Әлем чемпионатын өткізу туралы шешім қабылданды. Бұл кездейсоқ емес. Мұнда спорттық инфрақұрылым дамыған. Көптеген нысандар әлемдік стандарттарға жауап береді және бізге халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік береді, – деді ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин.

«ОРАЗ-МҰХАММЕД ХАННЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ ӘЛІ ТОЛЫҚ БАҒАЛАНБАДЫ»

Ресей астанасында өткен ғылыми конференцияға қатысқан ғалымдар осылай дейді

Өткен аптада Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің баспасөз орталығында елшіліктің ұйықты болуымен Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастардың негізін қалаушы Ораз-Мұхаммед Онданұлының тұлғасы мен қызметі туралы халықаралық конференция өтті. «Қазіргі тарихтағы Ораз-Мұхаммед Онданұлының рөлі» атты ғылыми конференцияға Қазақстан мен Ресейдің тарихшы ғалымдары қатысты.

Конференцияны ашқан Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Иманғали Тасмағамбетов XVII ғасырдың басында Ораз-Мұхаммед Онданұлы қазақ мемлекеті мен Мәскеу мемлекеті арасында дипломатиялық негіз қалауға ат салысып, айрықша мирас қалдырғанын атап өтті. Ол қазақ халқымен Ораз-Мұхаммед сұлтанды араға үш жарым ғасыр салып қайта қауыштырған жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романы екенін еске салды.

– Барша Алаш жұрты үшін байрақты бабамыздың жат елде жарты патшалық құруы аңызға бергізіп ақиқат! Ал оның ел мен елді табыстырған қызметі – мәртебелі абырой. Өйткені Ораз-Мұхаммед орыс жеріне жеке дара келген жоқ. Ол бүкіл ел аманатың ұлы даланың дос пейілі мен бейбіт ықыласын ала келді. Содан болар табиғи текаппарлығы мен батылдығының, зеректігі мен әділдігінің арқасында үлкен беделге ие болды. Осы елдің тағдыршешті сын сағатына араласты. Атақ қонып, өңсәлі ертені үшін күресті. Әрбір тарихи дәуір әлемге ұлы адамдар мен әділ билеушілерге, ел мақтан тұтатын тұлғаларға ие болары сөзсіз. Сонымен қатар, адамдар тарихи процестерді ұғып, логикасын түсінуге тырысып қана қоймайды, батыр бабалары жөнінде шындықты білгісі келеді. Ораз-Мұхаммед сұлтандай ерекше тұлғаны терең зерттеп, оған қоса өмірбаяндық материалдар мен оқиғаларын алғашқылардың қатарында өзінің «Аласапыран» атты романына енгізген қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Мағауин болды. Ораз-Мұхаммедтің Ресей кеңістігіндегі даңқты істері қазақ жерінде ғана емес, сонымен қатар оның шепнен тыс аймақтарда да танымал болды. Бүгін де оның халық жадында даңқты патшалар мен ұлы хандардың есімдерімен қатар аталуы кездейсоқ емес. Мұның бәрі біздің халықтарымыздың біртұтас рухани жады мен мәдениетін құрайды, – деді елші өз сөзінде.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше Ораз-Мұхаммедтің Сібірге келуі дипломатиялық байланыстарды бастап қана қойған жоқ.

– Жат жерде жүрсе де, орыс патшасына бағынышты аймақта хандық құрған тарихи тұлғаға тарихи бағасы толық берілген жоқ, – дейді Ресей ғылым академиясының Орыс тарихи институтының аға ғылыми қызметкері Андрей Беляков.

Ресей ғылым академиясының әлеуметтік ғылымдар туралы ғылыми ақпараттар институтының Оркениеттерді салыстырмалы зерттеу орталығының жетекшісі Илья



Зайцев өзінің зерттеулерінің нәтижелерін Қасымов қаласының тарихымен атап айтқанда, Ресей ғылым академиясының мұрағатында сақталған деректермен таныстырды. Ғалымның айтуынша, дереккөздердің негізі қорын XIX ғасырдағы орыс шығыстанушысы Вениамин Зернов ғылыми айналымға енгізген. Ол Қасымов патшалары мен князьдері туралы төрт томдық зерттеу жариялаған. Бұл жұмыста негізі құжаттар, оның ішінде Ораз-Мұхаммед туралы деректер келтірілген.

– Қазақстан мен Ресей – жақын елдер және әрқашан жақын болды. Біздің дипломатиялық қатынастарымыз XVI ғасырда пайда болды. Мен олар әрдайым бейбіт болғанын, бізде ешқашан ашық қақтығыс болмағанын айтамын. Ораз-Мұхаммед туралы сөз қозғасақ, ол белгілі бір рөл атқарды, ол қазақ ішіндегі Шыңғыс хан ұрпағының өкілі болған. Ресейдің азаматтық соғыс отына оранған кездегі ауыр кезеңдердегі оқиғаларда маңызды рөл атқарды, – деді Зайцев.

Конференцияның өртені, қасиетті жұмада аманатта өткізген 22 жылының 10 жылын жарты патшалықтың әміршісі ретінде ел билеуге арнаған Қасым хандығының ханы, қазақ даласының сұлтаны Ораз-Мұхаммедке денесі келіген топырақта – Ресей Федерациясының Рязань облысы, Қасымов ауданында құран бағышталып, құлпытас қойылды.

«Ораз-Мұхаммед Онданұлы, 1573-1610. Қазақ сұлтаны, Қасым патшалығының ханы» деп жазылған құлпытаста. Мемориалды тақтаның ашылуында Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше

және Өкілетті Елшісі Иманғали Тасмағамбетов: – Қадірменді халайық, осынау қасиетті Қасымов жерінде қасиетті бабамыз Ораз-Мұхаммед Онданұлына қойылған тақтаны ашып тұрмыз. Аруағы қабыл етсін. Сөз жоқ бір тұлғаға ғана емес тұтас бір дәуірге, сонау аласапыран дәуіріндегі қазақ сұлтандығының Ресейдегі тарихи ізіне ғана емес, екі халықтың арасындағы достық пен ынтымақтың бірлік пен тірліктің өзіне қойылған ескерткіш деп білеміз. Сол себепті бүгінгі Ораз-Мұхаммедтің есімі бүгінгі ұрпақ санасында орыс қазақ достығының символы әрі екі ел арасындағы дипломатиялық алыс-берістің қарлығашы ретінде мәңгі сақталады, – деп, тебірене сөз сөйлеп, бастамаға қолдау көрсеткен Рязань облысы әкімшілігі мен дипломатиялық өкілдігіне алғыс білдірді.

Қасымов қаласының оңтүстігіндегі Уланова Гора ауылының жанында Яблоневый сад деп аталатын алаңқайдағы ескі Татар зиратына қойылған мемориалдық тақтаны жасау үшін табиғи қоныр тұсті гранит пайдаланылған. Ескерткіштің биіктігі – үш метр. Төбесіне доғал күмбез орнатылған.

Әйгілі «Шежірелер жинағы» еңбегін қалдырған, Ораз-Мұхаммедтің төлігері һәм қайын атасы Қарашы бек Қадырғали Жалайыр би де осы топырақта жан тәсілім еткен. Қасымов қаласының іргесіндегі ескі Татар зиратында Ораз-Мұхаммедке арналған құлпытастың маңында Қадырғали Жалайырға ұрпақтары 2005 жылы ескерткіш тас қойған.

Нұрғали НҰРТАЙ, «Kielі Qazaqstan» ЖШС директоры

ЕҢБЕККЕР МҮДДЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР кәсіподақтар федерациясының төрағасы Ералы Тоғжанов бастаған топ Жезқазғанға жұмыс сапарымен келді. Құрамында кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Мұхтар Тінікеев, «ҚазКәсіпМеталл» тау-кен металлургия салалық кәсіподағының төрағасы Асылбек Нұралын мен қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрайымы Айгүл Мұқашева, сондай-ақ, «Senim» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы Сапарбек Дүйсенов, «Үлгітау» қазақстандық орта және шағын бизнес қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы Қайрақбай Жаңабеков бар жұмыс тобы семинар өткізді.



«Мақсатымыз – лайықты еңбекқаны, әлеуметтік кепілдерді, қызметкерлер жұмысының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге қол жеткізу» деген Ералы Тоғжанов аймақтағы сапарын «Kazakhstan» корпорациясына қарасты «Шығыс Жезқазған» кеніш кен байыту кешені «Аниәс» шахтасынан бастады. Жалпы 1800 адам жұмыс жасайтын, оның ішінде – 1200-і кеніш болып қызмет ететін «Шығыс Жезқазған» кеніш кен байыту кешенінде үш кәсіподақ ұйымы бар. 400 метр тереңдікке түсіп, кеніштердің жұмыс барысымен, еңбек үдерісімен танысқан федерация басшысы кеніштердің зейнеткерлік жасын төмендету, қауіпсіздік

қызметкерлерінің салалық кәсіподағы – еліміздегі ең ірі кәсіподақ. Қазіргі таңда оның құрамында 8000-нан астам мүше бар. Біз әрдайым мұғалімдердің құқығын қорғап жүреміз. Бүгінде педагог мамандарды алаңдатып, қоғам арасында қызу талқыға түсіп жүрген мәселе – педагог мәртебесі. «Педагог мәртебесі» туралы заңның қабылдануы жөніндегі мәселені салалық кәсіподақ өз тарапынан бірнеше рет көтеріп, үкіметке хат жазды. 2007 жылы салалық кәсіподақтың ұсынысымен «Білім туралы заңға» «Педагог мәртебесі» туралы тарау қосылған болатын. Өкінішке орай, оның кейбір нормалары декларативті түрде ғана қалды, – деген Айгүл Мұқашева



мәселелері тақырыптарына кеңінен тоқталып, алаңдатын сауалдарға нақты әрі тұщымды жауап берген екен. Одан кейін кәсіподақ көшбасшылары жезқазғандық педагог мамандармен кездесті.

– Қазақстандық білім және ғылым кәсіподақ басшыларына педагогтің еңбек тоқталып, алаңдатын сауалдарға нақты әрі тұщымды жауап берген екен. Одан кейін кәсіподақ көшбасшылары жезқазғандық педагог мамандармен кездесті.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

ісінде ардагерлер белсенді

«Nur Otan» партиясының қалалық филиалы ғимаратында «Ардагерлер кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жезқазған қалалық филиалы V пленумын өткізді. Күн сайын қатары сиреп жатқан ардагерлер кеңесінің марқұм мүшелерін бір минут үнсіздікпен еске алумен басталған пленум отырысы «Ардагерлер ұйымдарының өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі орны» және «Жастар бойына патриоттық тәрбие берудің жолдары» тақырыптағы пікір алмасуға ұласты.



– Жастарға ерен ерліктің, асқан жауапкершіліктің және биік адамгершіліктің үлгісін бізден басқа кім көрсетеді? Аталмыш мәселені Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та көтерген болатын. Елбасы 2019 жылдың жастар жылы деп жариялағаны бәрімізге белгілі. Соған орай, біз оларға тек материалдық тұрғыдан ғана көмек көрсетіп қоймай, оларды елді сүйеге, өз халқына және өзге ұлт өкілдеріне толеранттылықпен қарауға, Отанын қоғауға, адамдарды сыйлап, бағалай білуге, ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына құрметпен қарауға үйретуіміз керек, – деді өз баяндамасында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов. Сондай-ақ, ол ардагерлер кеңесінің бастамасымен атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталып, келер жылдың жоспарларын талқыға салды.

Пленум сонымен қатар төрағасы жастарға тағалымды тәрбие мен үлгі-өнеге көрсеткен ардагерлер Оразбай Арыстанбековке, Мариям Дүйсековаға, Раиса Тілеужанова мен Мария Ковалеваға, Валентин Куприянов пен Людмила Гайсерге Алғыс хат табыстап, ризашылығын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суреттерді түсірген Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ

депутаттық фракция бақылауында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында «Nur Otan» партиясының жергілікті мемлекеттік депутаттық фракциясы қала аумағында мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы жөнінде жиын өткізді...



автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімінің жұмысына, ондағы мамандардың өз ісіне деген жауапкершілігіне көңілдері толмайтынын, аталған бөлімде жұмысты ширату қажеттігін жеткізді.

Фракция отырысында сонымен бірге қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова да баяндама жасады. Өз баяндамасында Зина Жұманазарқызы ішкі саясат және әлеуметтік сала, мәдениет мекемелерінің жұмыстарына кеңінен тоқталды.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік желілер арқылы жұртшылықпен байланысқа ерекше көңіл бөлінуде.



Отырыстың күн тәртібіне сай қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедин мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы туралы баяндама жасады.

Осы орайда кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс тағы екі жоба: «Қазтехфильм» ЖШС ауа сүзгілері элементтерін шығару өндірісін кеңейту және модернизациялау...

да баяндамасы тыңдалды. Нұржан Серікұлы қала құрылысы, сәулет, коммуналдық шаруашылық саласындағы жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, биыл пайдалануға берілетін жалпы тұрғын үй жоспары 17 393 шаршы метрді құрайды.

Талап және Малшыбай ауылдарын келешекте дамыту мақсатында және тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени нысандар құрылысына қажет жер учаскелерімен қамтамасыз ету үшін қалалық бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, аталған ауылдардың жергілікті әкімімен бас жоспарлары әзірленуде.

Қала ішлік су құбырлары желісін қайта құрылымдаудың 2-кезеңінің жалпы сметалық құны 2 млрд 478 млн теңгені құрайды.

Қала ішлік су құбырлары желісін қайта құрылымдаудың 1-кезеңі бойынша биыл 317,3 млн теңгеге 7,2 шақырым магистралды желі ауыстырылуы керек.

Қала ішлік су құбырлары желісін қайта құрылымдаудың 3-кезеңі де бірнеше жылға жоспарланған, жалпы сметалық құны 1 млрд 979 млн теңгені құрайды.

Қала ішлік су құбырлары желісін қайта құрылымдаудың 4-кезеңі бойынша биыл 317,3 млн теңгеге 7,2 шақырым магистралды желі ауыстырылуы керек.

Бас қосуда қатысқан депутаттар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және қалалық әкімдіктің жұмыстарына кеңінен тоқталды.

Жастар ресурстық орталығы жастарды жұмыспен қамту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру бағытында бірқатар іске мұрындық болуда.

Бүгінде «Жасыл ел», БҰҰ Даму бағдарламасы, «EURASIAN EXPERT COUNCIL» қоғамдық қорымен бірлесіп жүзеге асырылып келе жатқан «Қорғау» бағдарламасының жұмысы жүйелі жолға қойылған.

Әкім орынбасары сонымен бірге, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамқорлық саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен қолға алынатын бастамаларға да тоқталды.

Депутаттар тарапынан қалалық прерзентхананың оңтайландыру аясында



көп бейінді аурухананы біріктірілуіне қатысты сұрақтар қойылып, бұл бастаманың мән-жайын әкім орынбасары егжей-тегжейлі түсіндірді.

Жиын соңында халық қалаушылары жергілікті атқарушы орган өкілдеріне жұмыс сапасына мән беріп, ер мемлекеттік қызметшінің өз жұмысына деген жауапкершілігін күшейтеу керектігін баса айтты.

Дархан МҰХАН

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛҒАН

«Қазақтану» жобасы аясында республикалық лекторий өтті

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақтану» жобасы шеңберінде ұйымдастырылған аталмыш шараның ата-бабамыздан қалған ұлттық мұра, ұлы құндылықтарымызды боямасыз ұрпақ бойына сіңіруде маңызы зор.



баяндама жасаған Қазбек Қазенов дің, діни қақтығыстар заманауи көзқарастар, дамыған елдер өркениеті мен олардың тәжірибесі тақырыптарында тұщымды пікірлерімен бөлісті.

Одан әрі сөз алған Төлеуғали Бөрібаев «Құндылықтар тоғасындағы қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері», Қазак Ештанов «Ұлттық тіліміздің алатын орны және мәртебесі», Қамжахан Жұмақасова «Қоғамның рухани жаңғыруындағы тарихи сананың маңыздылығы».

Одан әрі сөз алған Төлеуғали Бөрібаев «Қазақтану» жобасының мақсатын, міндеттерін, нәтижелерін және қарастырылып отырған жұмыстарды таныстырды.

Кездесу барысында Ерлан Құсайынов феминизм идеологиясы, туған тілді дамыту, Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЛА БАТЫСҚА ҚАРАЙ ЖАЛҒАСАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жезқазғанда осы бағыттағы бастама өткен жылдан бастап қолға алынды. Атап айтқанда, жеке үй салушылардың есебінен Есенберлин 5/3 және Алашахан даңғылы 22 А мекенжайлары бойынша жалпы ауданы 6,7 мың шаршы метрді құрайтын екі үйдің құрылысы 2018 жылы басталған болатын.

Қаланың бас жоспарына сәйкес енді бірер жылда Батыс ауданында көпқабатты үйлер қатарға қосылып, жаңа ықшам аудан бой түзейтін болады. Биылғы жылы бұл көтере бастаған дарынды балаларға арналған мектеп пен Алашахан көшесі 34 Д мекенжайында салынып жатқан 60 пәтерлі жалдамалы тұрғын үйдің құрылысы – осы үлкен жобаның бастауы.

теңге болатын бұл үйдің құжаттары да мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Сонымен қатар, Алашахан 34 Ж мекенжайында салуды көздеген 60 пәтерлік көпқабатты тағы бір жалдамалы тұрғын үйдің жобалық-сметалық құжаттарын жасаумен «АлСтройПрект» ЖШС айналысуда.

Биылғы жылы қала орталығында қолға алынған үш қабатты 18 пәтерлік тұрғын үйдің жалпы сыртқы құрылысы тиянақталып, қазір ішкі жұмыстары жүргізілуде. Шевченко көшесі 23 А мекенжайындағы бұл құрылыстың бас мердігері қалаға белгілі кәсіпкер Абай Байділдаев басқаратын «Самга» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

МИЛЛИОН – ЗАРИНАДА



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал шаштараз маман Сабыржан Жүнісбеков өз жеке барбершопын ашқысы келді. «Қазіргі таңда сұлулық салоны – сұранысқа ие және бұл сала өте жедел түрде дамуда» деген арулар Ақбота Иссаева мен Гаухар Меңлібаева сұлулық салоны табыстың көзі екендігіне сендірді.

бағытында ауыр жүк көліктеріне арналған көлікті жөндеу және техникалық көмек көрсету орталығын ашу, ал Айбол Түлкібай металл өнімдерін қайта сұрыптап, қоқыс контейнерлері мен қоршаулар жасайтын цех ашу жобасына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе екен дейді.

Шара соңында қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедин «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсына қатысушылардың барлығына Алғыс хаттар табыстанды. Сондай-ақ, Сабыржан Жүнісбековке «Көрермендер көзіайымы» номинациясы табыс етіліп, ақшалай сыйлыққа ие болды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суреттерді түсірген Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АЙДАНАРЛЫ-ҚҰДАЙБЕРЛІ ҮҢГІРІ



АЙДАНАРЛЫ-ҚҰДАЙБЕРЛІ ҮҢГІРІ – Нұра ауданы Талдысай ауылынан 15 шақырым батыс бағытта, Шөптікөлден өрі Жақсыөкөз өзенінің бойында орналасқан табиғи ескерткіш.

латын баймен дос болады. Бай жылына Айдаһарға бір жылқы береді екен. Бір жылы Құдайберлі уақытында Айдаһарға сымбасын жеткізбейді-мыс. Қарны ашқан Айдаһар аң қуып жүріп алдына келіп қалған досының баласын ат-матымен жұтып қояды.



АҚСАЙ СЫНТАСЫ

АҚСАЙ СЫНТАСЫ – Жаңаарқа ауданы Ақтау ауылының солтүстік-шығысында 10 шақырым жерде, Ақсай өзенінің сол жақ жағасында орналасқан қола дәуірінің соңғы кезеңінің (б.д.д. ХІ-ХХ ғ.) ескерткіштері.



педиссиясы зерттеген. Жалпы Ақтау тауларының қойнауында тылсым табиғат тартулары өте көп. Соның бірі – көккө шаншылған сынтастар.



АМАНБАЙ БАТЫР ТОҚАНҰЛЫ

АМАНБАЙ БАТЫР ТОҚАНҰЛЫ (1810-1865) – Ұлытау төңірегін жайлаған ел ішінен өз заманында суырлылықтың қолбасшы. Қоқан мен Хиуа беттегі қақпасы саналатын қос Кенгірдің Сарысуға құяр тұсын жайлап, Орта жүздің халқын сыртқы жаулардан қорғаған батырлардың бірі.



Архивтерде сақталған жанама деректерге назар аударсақ, Кенесары қозғалысын ашық қолдаған ханның ең сенімді адамдарының бірі болғандығын көреміз.

БАЛАҚАЖЫ МЕШІТІ



БАЛАҚАЖЫ МЕШІТІ – Арқадағы қасиетті орынның бірі. Балақажы мекені Ұлытау мен бұрынғы Теңіз ауданы (қазір Нұра ауданына қаратылған) түйіскен тұста орналасқан.



АЯҚҚАМЫР КЕСЕНЕСІ – ХІІ ғ. соңындағы сәулет өнері ескерткіші. Жезді кентінен солтүстік-батысқа қарай 9 шақырым жерде орналасқан.

ӘУЛИЕТАУ (АҚМЕШІТ) ШЫҢЫ

ӘУЛИЕТАУ (АҚМЕШІТ) ШЫҢЫ – ескі қамалдың орны, қасиетті жер, ежелгі және айрықша маңызды ескерткіштердің бірі.



Аңы бойынша, Әулиетау маңындағы үңгірде адамзат тарихындағы тұңғыш пайгамбар Заратустра алғаш аян алған.

Ақыны – аты аңызға айналған Асан қайғы жерленген. Академик Ә.Х.Марғұланның жазбаларына сүйенсек, мұнда Ақмешіт әулие мазар-мешіті орналасқан.

АҚСОРАҢ ТАУЫ

АҚСОРАҢ ТАУЫ – Қызыларай тау массивінің оңтүстік бөлігінде орналасқан бүкіл Сарыарқаның биік нүктесі.

теңген жер бедері ауданның батысында, солтүстік-батысында және оңтүстік-батысында ерекшеленеді. Қызыларай тауларының шығыс бөлігінде төбелі шоқылы жер бедері қалыптасқан.

БАЛАБАҚСЫ



БАЛАБАҚСЫ (Кернебай Сүттегүзұлы) (1825-1902) – көрпекөл бапгер. Жаңаарқа ауданындағы Ақтасты, Ескене қыраттарының маңайы мекендеген.



Бесікке бөлеген соң, бесік өз-өзінен шайқалып төрбелген, киіз үй ішінде шоршып жүрген деседі. Бұны көрген ауыл ақсақалдары кеңес құрып, баланы жұртқа бесігімен тастап, өздері басқа жаққа көшіп кетеді.

Балабақсы жайлы көзкөргендердің айтқан әңгімесін немесе жазбасын жиыстырып, тұлға ретінде көп жылдар зерттеген жаңаарқалық қаламгер Төлеуған Илиясұлының «Жаңаарқа нақыштары» атты кітабын (Арко баспасы, 2004 ж.) шолар болсақ, бірнеше аңыздарды алға тартады.

Көрпекөл әулиелігіне, шипагерлігіне ел сеніп, ұйған. Ол қай жерден, қандай адам келсе де шын ықыласын қоя қарап, олардан дүние дәметпейт. Аңыздарға құлақ түрсең, Балабақсының бойынан көптеген қасиеттер көрініс берген.

Балабақсының Жөңгір төрені аштан өледі (қылтамақтан), Сарысудың жиегіне қала орнайды (Атасу кенті), Жаңаарқа жеріне қыл үстінде жүйтікпен қарамайғыр (отарба) келеді деген көрпекөлдік дұрыс шыққан.

АРҒАНАТЫ ТАУЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТАС МҮСІНДЕР



АРҒАНАТЫ ТАУЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТАС МҮСІНДЕР – түркілердің орта ғасырдан қалған құрлық ескерткіштері. Ұлытау ауданы Арғанады тауының Мық, Домбауыл, Айыршоқы қыраттарында орналасқан.



логиялық экспедициясының жетекшісі, атақты ғалым Ә.Х.Марғұланы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жерді Әлкей Марғұланы мен Қаныш Сәтбаев «Орда базар» деп атады.

Арғанады сілемінің баурайынан VIII-XII ғ. жататын граниттен қашалып жасалған адам кейіпті тас мүсіндері табылған. Қазіргі кезеңге дейін Арғанады тауынан түркі обаларын, тарихи үңгірлерді, орта ғасырға жатқызылатын қорғандар мен неолит тұрағын кезіктіруге болады.

БАСҚАМЫР ҚАЛАШЫҒЫ



БАСҚАМЫР ҚАЛАШЫҒЫ – Ұлытау ауданы Жезді өзенінің сол жағалауындағы Жезқазған-Арқалық тас жолының бойында орналасқан ортағасырлық қамал-қалашық.



Қалашықтың пішіні төртбұрышты болып келген. Бұрыштары дүниенің төрт жағына қаратылып жан-жақтары орлармен және жалдармен қоршалған. Қалашықтың ортасында цитаделі болған.

25.11.2019

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:25 «Másele»... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

26.11.2019

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

27.11.2019

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

28.11.2019

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

29.11.2019

06:05 «Köñil tolyqu»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Оху и его друзья»... 07:30 «Таңғы хабар»... 08:00 Жаңалықтар... 09:10 «Таңғы хабар»...

30.11.2019

06:05 «Qyzuq eken...»... 07:00 AQPAPAT... 07:30 «Сәлем, Қазақстан!»...

06:00 «Тамаша»... 07:30 Концерт... 09:15 «Өзін-өзі тану»...

21:40 «Абдулхамид хан»... 22:30 «Дала қырандары»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Astana аптауы...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»... 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 «Үздік әзілдер»...

АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Әлиф»...

2». 10:30 «Пираты Карибского моря»...

08:00 «Гороскоп»... 08:05 «Таңғы шоу»... 11:05 «Фиделет ханым»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

Өмірзақ КҮНТУҒАНҰЛЫ
Аймағымыздың ардагер ұстазы, білім саласының мейлінше...

М. ҚОҢЫРБАЕВ
Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымының төрағасы

Өмірзақ КҮНТУҒАНҰЛЫ
Өмірзақ (Кунтуғанов) мұғалімнің өмірден өткенін естігенде толғаныспен қабылдады.

Өмірзақ КҮНТУҒАНҰЛЫ
Өмірзақ (Кунтуғанов) мұғалімнің өмірден өткенін естігенде толғаныспен қабылдады.

ОҚЫС ОҚИҒА
Мектепті өрт шалды
2019 жылы 19 қарашада сағат 11:39-да өртке қарсы қызмет телефонына Жезқазған қаласы №3 орта мектебінің ғимаратында өрт шыққаны жөнінде хабар келіп түсті.

АЛҒЫС
ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР
Хабарландыра! Ағымдағы жылдың 22 қарашасында сағат 15:00-де Жезқазған қаласында Алашахан көшесі 3 мекен-жайында орналасқан Халықтар достық мән мәдениеті үйінің 2-қабатында, азаматтарға құқықтық көмек көрсету үшін «Халық Заңгері» республикалық акциясы өткізілуі жоспарлануда.

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KСJВKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.
Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілік шектеулі серіктестігі
Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН
Таралымы – 2000. Көлемі – 8 баспа табақ. Тапсырыс 1831. Газет атасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.
Газет редакцияның өз компьютер орталығында тіріліп, беттелді. Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Султан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.
Газет редакцияның өз компьютер орталығында тіріліп, беттелді. Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Султан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.
Баязит МҰХАМЕДИҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

